**Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласында жер асты суларының сыртқа шығуы проблемасын шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 135-ө Өкімі

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласында Мырғалымсай кен орнының кеніштерін су басу салдарынан жер асты суларының сыртқа шығуы проблемасын шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Ахметов Серік Бауыжанұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы, жетекші |
| Әлиев Болатбек Нәжмединұлы | - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, жетекшінің орынбасары |
| Төлебаев Кенжехан Атақұлұлы | - Оңтүстік Қазақстан облысы Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды ұйымдастыру басқармасының бастығы, хатшы |
| Кәрібаев Ержан Ғаббасұлы | - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Өнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары |
| Сарбасов Ақмәди Әділұлы | - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің директоры |
| Қожахметов Төлентай Қалиұлы | - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі ішкі бақылау басқармасының бастығы |
| Ибадуллаев Серік Ибадуллаұлы | - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы |
| Еламанов Қалдыбек Қадырұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі «Өнеркәсіп қауіпсіздігі проблемалары жөніндегі ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны |

тау-кен геомеханикасы және маркшейдерлік іс зертханасының меңгерушісі

2. Жұмыс тобы 2011 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласында Мырғалымсай кен орнының кеніштерін су басу салдарынан жер асты суларының сыртқа шығуы проблемасын шешу жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр* *К.Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК